




2016ж. қаңтар-шілде

ҚР Ұлттық Банкі

**Қазақстан экономикасына қысқаша шолу****Негізгі түйіндер****2016ж. қаңтар-шілдесінде қысқа мерзімді экономикалық индикатордың төмендеуі баяулады**

2016ж. қаңтар-шілдесінде қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеді. Өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіру саласы, саудада және байланыста көлемдердің қысқаруы қысқа мерзімді экономикалық индикатордың төмендеуіне себепші болды.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ЖІӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

**1. Макроэкономикалық индикаторлар****1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер**

р/п №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-шілде	2016ж. шілде	% -бен		2016ж. шілде 2016ж. маусымына
					2015ж. қаңтар-шілдесіне	2015ж. шілдесіне	
А		Б	1	2	3	4	5
1	<b>ЖІӨ (2016ж. 1 жартыжылдығы үшін алдын-ала деректер)</b>	млрд.теңге	<b>19 354.3</b>		<b>100,1*</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	10 102.8	1 590.8	98.6	100.1	95.0
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	1 048.3	254.3	102.5	101.8	126.5
4	Құрылыс	млрд.теңге	1 418.7	377.5	106.5	105.1	122.2
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	283.5	42.9	100.5	98.2	102.9
6	Байланыс	млрд.теңге	387.4	57.2	96.1	97.7	101.9
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	4 038.8	666.9	99.3	100.1	100.1
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	3 677.7	646.9	106.3	96.6	86.6
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			116.2	117.7	100.5
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		5.1			
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге	139.0	143.7	112.1	115.9	99.3
12	Нақты жалақы индексі**	%				98.5	98.8

\* - Деректер 2016ж. 1 жартыжылдығы үшін көрсетілген

**Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер**

р/п №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-маусым	2016ж. маусым	% -бен		2016ж. маусым %-бен 2016ж. мамырына
					2015ж. қаңтар-маусымына	2015ж. маусымына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млрд. долл.	28.0	5.0	69.6	69.4	105.0
1.1.	- экспорт	млрд. долл.	16.8	3.0	68.3	69.5	111.3
1.2.	- импорт	млрд. долл.	11.2	2.0	71.6	69.1	96.6
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс**	мың теңге	419.4	69.3	109.4	104.8	99.1

**Ескерту:** Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ЖІӨ-жалпы ішкі өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\*\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

**2016ж. қаңтар-шілдесінде өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлікте өсудің жалғасуы байқалды. Сонымен қатар негізгі капиталға инвестициялар өсті.**

## Оң үдерістер

р/п №	2016ж. қаңтар-шілде %-бен 2015ж. қаңтар-шілдесіне	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-маусым %-бен 2015ж. қаңтар-маусымына
1. ЖІӨ (2016ж. 1 жартыжылдығы үшін алдын-ала деректер)	100,1*	құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы мен көліктегі өсу*	
2. Өңдеу саласы	100.6	металлургия өнеркәсібі мен тамақ өнімдерін өндірудегі көлемдердің ұлғаюы	100.5
3. Ауылшаруашылығы	102.5	мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	102.7
4. Құрылыс	106.5	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	106.6
5. Көлік (жүк айналымы)	100.5	құбыр және автомобиль көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	100.9
6. Негізгі капиталға инвестициялар	106.3	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	108.5

\* - Деректер 2016ж. 1 жартыжылдығы үшін көрсетілген

**2016 ж. қаңтар-шілдесінде өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Саудада бөлшек сауда мен көтерме сауда көлемдерінің қысқаруы есебінен төмендеу орын алды. Экспорт пен импорттың төмендеуі сыртқы сауда айналымының қысқаруына себепші болды.**

## Теріс өзгерістер

р/п №	2016ж. қаңтар-шілде %-бен 2015ж. қаңтар-шілдесіне	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар-маусым %-бен 2015ж. қаңтар-маусымына
7. Өнеркәсіп	98.6	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	98.4
7.1 Тау-кен өндіру саласы	96.8	шикі мұнай өндірудің төмендеуі	96.6
8. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	99.3	дара кәсіпкерлермен тауарларды бөлшек саудада өткізудің төмендеуі	99.1
9. Байланыс	96.1	мобильді байланыс, қалааралық және халықаралық телефонды байланыс қызметтерінен түскен кірістердің төмендеуі	95.9
10. Инфляция	116.2	тауарлар мен қызметтер топтарының барлығына бағалардың өсуі	115.9
11. Сыртқы сауда айналымы*	69.6	экспорт пен импорттың төмендеуі	70.1
11.1 Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	68.3	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	68.2
11.2 Сыртқы сауда айналымы: импорт*	71.6	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	73.0

\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2016ж. қаңтар-маусымы 2015ж. қаңтар-маусымына %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2016ж. қаңтар-мамыры 2015ж. қаңтар-мамырына %-дық есеппен келтірілген.




## Жалпы ішкі өнім

## 1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2016ж. 1 жартыжылдығында ЖІӨ 0,1%-ға артты

ҰЭМСК-нің алдын-ала деректері бойынша, 2016ж. 1 жартыжылдығында ЖІӨ 2015ж. 1 жартыжылдығымен салыстырғанда нақты көрсеткіште 0,1%-ға өсіп, 19,4 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,2%-ға қысқарып, ал қызметтер өндіру өзгеріссіз қалды, бұл ретте өнімге салынатын салықтар 3,5%-ға өсті. 2016ж. 1 жартыжылдығында ЖІӨ құрамындағы тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің үлестері сәйкесінше, 35,4% бен 58,3%-ды құрады.




2016ж. 1 жартыжылдығында құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар салалары ЖІӨ-нің өсуіне оң үлесін енгізді. Сауда көлемдерінің қысқаруы мен тау-кен саласындағы төмендеу есебінен өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы ЖІӨ-іне теріс әсерін тигізді.

## 1.4. Өндіріс әдісімен ЖІӨ дефляторлары

2016ж. 1 жартыжылдығында ЖІӨ дефляторы 115,1%-ды құрады (2015ж. 1 жартыжылдығында - 98,5%).

Тауарларды өндірудің - 112,5%, (2015ж. 1 жартыжылдығында - 95,6%), соның ішінде кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазудың дефляторы - 109,0%, ауыл, орман және балық шаруашылығы - 107,4%, құрылыс - 103,2%, өңдеу өнеркәсібі - 124,7%.


Қызметтер өндірудің дефляторы - 114,3% (2015ж. 1 жартыжылдығында - 108,5%). Қызметтер өндірудегі бағалардың өсуі келесі салаларда дефляторлардың өсуімен қамтамасыз етілген: көтерме және бөлшек сауда - 115,2%, көлік және қоймалау - 113,8%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар - 112,1%, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет - 113,5%, қаржы және сақтандыру қызметі - 146,2%.



## 1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2016ж. 1 жартыжылдығының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2016ж. 1 жартыжылдығында ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2015ж. 1 жартыжылдығына қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (7,8%-ға өсу). Өзірбайжан, Беларусь пен Қырғызстанда 2016ж. 1 жартыжылдығында ЖІӨ-нің сәйкесінше, 3,4%, 2,5% және 2,3%-ға төмендеуі байқалды.



\* - Армения, Молдова мен Ресейдің деректері 2015ж. және 2016ж. 1 тоқ. үшін көрсетілген

1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


**Мұнайдың бағасы**

Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 19,4%-ға төмендеп, 2016ж. шілдеде 45,1\$ құрады\*. Тау-кен өндіру саласында өндірістің көлемдері 2016ж. қаңтар-шілдесінде 2015ж. қаңтар-шілдесімен салыстырғанда нақты көрсеткіште 3,2%-ға төмендеді. Алайда ақшалай көрсеткіште өндіріс көлемдері 23,5%-ға өсті, бұған теңгеңі айырбастау бағамының әлсіреуі себепші болды.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2016ж. шілдесінде оның үлесі сәйкесінше 41,3%-ға тең болды.

2016ж. қаңтар-шілдесінде өңделмеген мұнайды өндірудің көлемдері (НКИ) 2015ж. қаңтар-шілдесімен салыстырғанда 3,4%-ға төмендеді. 2016ж. қаңтар-шілдесінде өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2015ж. қаңтар-шілдесіне қарағанда 2,3%-ға төмендеді. 2016ж. шілдесінде мұнайдың бағасы өткен айға қарағанда 7,0%-ға төмендеді. Тау-кен өндіру саласының НКИ-і 2016ж. маусымымен салыстырғанда 3,2%-ға өсті\*\*.



\*- <http://econ.worldbank.org>

\*\*-<http://stat.gov.kz>: 2016ж. қаңтар-шілдесіндегі өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

**Сыртқы сураныс**

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтар-маусымында ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 47,1%-ға тең болды), Қытайға (12,4%) және Ресейге (9,8%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2016ж. 2 тоқ. ЕО ЖІӨ (28) 1,8%-ға өсті, Қытайда ЖІӨ-нің өсуі 6,7%-ға тең болды, ал Ресейде 2016ж. 1 тоқ. ЖІӨ 1,2%-ға төмендеді.


**Сыртқы сауда айналымы**

**2016ж. қаңтар-маусым**

2016ж. қаңтар-маусымында сыртқы сауда айналымы 30,4%-ға төмендеді (экспорт 31,7%-ға, импорт - 28,4%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2016ж. қаңтар-маусымында - 63,9%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (37,0%) басымдыққа ие. Экспорттың қысқаруына келесі тауарлар топтарындағы төмендеу себепші болды: минералды өнімдер - 41,3%-ға, химиялық өнеркәсіптің бұйымдары - 11,7%-ға.

2016ж. қаңтар-маусымында барлық тауарлар топтары бойынша импорттың қысқаруы байқалды. Импорттың қысқаруына елеулі үлесін 35,0%-ға немесе 2,2 млрд \$ мөлшерінде төмендеген машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар енгізді.




**Экономикадағы ақша ұсынысы**

**Несиелер бойынша берешек\***

2016ж. шілденің аяғында жыл басымен салыстырғанда несие көлемдері 0,5%-ға артты

2016ж. шілденің аяғында экономикаға берілген несие көлемдерінің өткен айға өсуі 2,3%-ды құрады. 2016ж. шілдесінде жаңа несиелерді берудің көлемі өткен айға қарағанда 0,1%-ға артты (2015ж. шілдесімен салыстырғанда 13,4%-ға өсу).

2016ж. шілденің аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда экономикаға берілген несиелердің көлемі 19,8%-ға ұлғайып, 12,7 трлн теңгені құрады. 2016ж. шілденің аяғына қатысты, несие көлемдері экономиканың барлық салаларында ұлғайды. Несиелендіру сәйкесінше, 52,5% бен 48,3%-ға артқан ауыл шаруашылығы мен көлікте несиелендірудің ең үлкен өсімі байқалды.



\*-кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет




## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ

## Тауарлар өндірісі

## 2.1. Өнеркәсіп


## Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-шілдеде өнеркәсіп өндірісінің көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 1,4%-ға азайды (2016ж. қаңтар-маусымда - 1,6%-ға азаю, 2015ж. қаңтар-шілдеде - 0,2%-ға ұлғаю). Бұған тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы түрткі болды.




## Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-шілдеде тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 3,2%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-маусымда - 3,4%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-шілдеде - 0,2%-ға ұлғаю). Есепті кезеңде мұнай (3,4%), көмір және лигнит (7,2%) және темір кендерін (19,2%) өндіру төмендеді. Табиғи газ мен түсті металл кендерін өндіру көлемдері ұлғайды (сәйкесінше, 5,9% бен 9,3%-ға).



## Өңдеу - өндіріс көлемдеріндегі өсудің жалғасуы


2016ж. қаңтар-шілдеде сала бойынша ұлғаю 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,6%-ды құрды (2016ж. қаңтар-маусымда - 0,5%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-шілдеде 0,8%-ға өсу). Металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемдері 9,5%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-шілдеде өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 44,3%-ды құрады), соның ішінде асыл және түсті металдар өндірісінің өсуі 13,4%-ды құрады. Тамақ өнімдеріндегі өндіріс көлемдерінің ұлғаю 3,2%-ды құрады (2016ж. қаңтар-шілдеде өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 17,5%-ды құрады).



## 2.2. Құрылыс


## Өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-шілдеде жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,5%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 90,6% үлесін иемденетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 10,1%-ға ұлғайды. Алайда 2016ж. қаңтар-шілдеде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөнделу жұмыстарының көлемі сәйкесінше, 15,8% бен 23,2%-ға төмендеді.



**2.3. Ауылшаруашылығы****Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдері өсуінің жалғасуы**


Ауылшаруашылығы секторы 2016ж. қаңтар-шілдеде 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,5%-ға өсті (2016ж. қаңтар-маусымда - 2,7%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-шілдеде - 2,9%-ға өсу), бұның ішінде мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,5% бен 2,4%-ға ұлғайды.

**Қызметтер өндіру****2.4. Бөлшек сауда****Бөлшек тауар айналымы төмендеуінің баяулауы**


2016ж. қаңтар-шілдеде бөлшек тауар айналымының көлемдері 2015ж. қаңтар-шілдеде салыстырғанда 0,7%-ға төмендеді (2016ж. қаңтар-маусымда - 0,9%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-шілдеде - 2,9%-ға өсу). Дара кәсіпкерлердің бөлшек сатудағы көлемдерінің 1,7%-ға төмендеуі мен саудамен айналысатын кәсіпорындарының бөлшек сатудағы көлемдерінің 0,1%-ға өсуі байқалды (бөлшек тауар айналымындағы дара кәсіпкерлердің мен саудамен айналысатын кәсіпорындарының үлестері сәйкесінше, 46,3% және 53,7%).

**2.5. Көлік (жүк айналымы)****Жүк айналымы ұлғаюының баяулауы**

2016ж. қаңтар-шілдеде көлік секторындағы жүк айналымы көлемі 2015ж. қаңтар-шілдеде салыстырғанда 0,5%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-маусымда - 0,9%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-шілдеде - 6,4%-ға төмендеу), бұл құбыр мен автомобиль көлігіндегі жүк ағынының сәйкесінше, 3,5% және 0,8%-ға артуы себебінен болды, бұлардың жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлестері сәйкесінше, 21,0% және 34,6%-ды құрады.

**2.6. Байланыс****Қызметтер көлемінің төмендеуі**

2016ж. қаңтар-шілдеде байланыс қызметіндегі көлемінің төмендеуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,9%-ды құрады (2016ж. қаңтар-маусымда - 4,1%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-шілдеде - 2,8%-ға өсу). Төмендеудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 32,2% болатын мобильді байланыстан түскен кірістердің 16,5%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 5,1% болатын қалааралық және халықаралық телефонды байланыс қызметтері көлемдерінің 22,2%-ға төмендеуі.






## 3. Инфляция

## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Инфляцияның өсуі

2016ж. қаңтар-шілдеде инфляцияның деңгейі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 16,2%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар мен қызметтер топтарының бағаларының өсуі себепші болды. Айлық инфляция 0,5%-ды құрады, 2016ж. шілдесінде азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,5%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 0,4%-ға, ақылы қызметтер 0,6%-ға өсті.



## 4. Инвестициялар


## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2016ж. қаңтар-шілдеде инвестициялардың өсуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,3%-ды құрады (2016ж. қаңтар-маусымда - 8,5%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-шілдеде - 4,0%-ға өсу). Негізгі көз - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, инвестициялардағы бұлардың үлесі 61,0%-ды құрады.

2016ж. қаңтар-шілдеде инвестициялардың өсуіне қаржыландыру көздері бойынша негізгі үлесін меншікті қаражат (13,2%-ға өсу) және басқа да қарыз қаражаты (14,2%-ға өсу) есебінен инвестицияларды қаржыландырудың ұлғаюы енгізді.

Инвестициялардың өсуіне пайдалану бағыттары бойынша негізгі үлесін өнеркәсіп (10,3%-ға өсу) пен жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (3,8%-ға өсу) енгізді.




## 5. Еңбек нарығы

## 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Жұмыссыздық деңгейінің өсуі

2016ж. шілдеде 2015ж. шілдесімен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 1,5%-ға азайып, ал жұмыссыздар саны 1,4%-ға артты. Жұмыссыздық 5,1%-деңгейінде қалды.



## 5.2. Жалақы және халықтың кірістері

## Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-шілдеде орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2015ж. қаңтар-шілдесімен салыстырғанда 12,1%-ды құрады, нақты жалақы 2015ж. шілдесіне қарағанда 1,5%-ға төмендеуді көрсетті. Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптыстырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. маусымда 10,7%-ға төмендеуді көрсетті.

